

10 дәріс. Пәнаралық және гуманистік бағыт салаларындағы білім беру үрдістері

Жоспар:

1. Музейдегі білім берудің ерекшеліктері
2. Көркемөнер музейлерінің білім берудегі орны

Мектептегі білім беру жолы білімдер жүйесін белгілі бір нысанда және кезектілікпен меңгеру және кәсіби әрі жалпы мәдени саладағы дербес дамуға деген қабілеттерді жетілдіру арқылы өтетін болса, музейде білім беру тұлғаның ескерткішке деген құндылықтық қатынасы және онымен қатынас жасаудағы сезімдік тәжірибесін кеңейту арқылы жүзеге асырылады.

Мектептегі білім беру үрдісінің қатысушылары арасындағы қарым-қатынас қатаң вербальды сипатта болса, музейде ол біршама еркін, өйткені оның көзі де, контексті де ескерткіш болғандықтан, бұл жерде мектепке карағанда білімді басқаша алады.

Музейлік білім берудің Ресейлік тәжірибесінде тұңғыш рет «музейлік педагогтың музейдік қызметтің барлық түрлерін педагогикалық тұрғыдан зерделеуге қабілетті маман ретіндегі мәртебесін мойындау сондай маман даярлау мәселесін көтереді» делінген болатын.

Бейнелеу өнері құралдарының көмегімен көркемдік тәрбие беру мәселесімен ол жылдары КСРО Педагогтық ғылымдар академиясының Көркемдік білім беру ғылыми-зерттеу институты айналысатын. Сол жерде, А.В. Бакушинский мен оның ізбасарларының педагогтық идеялары негізінде Б.М. Неменскийдің басшылығымен мектеп оқушыларының эстетикалық даму бағдарламасы әзірленді. Институт өз ғылыми қызығушылықтарының аясына көркемсурет музейінің білім беру қызметін қоспағанымен, музейлік педагогика саласындағы тұңғыш диссертациялық зерттеулер дәл осы жерде жүзеге асырылды. Ол зерттеулер музейдің же, мектептің де басты міндеті – қолдарында бар құралдар көмегімен шығармашылық тұлға тәрбиелеу тұрғысынан келгендегі педагогикалық мәселелерін зерделеу үшін ғылыми база қалыптастырды.

Шетелдерде жоғарыда аталған мәселелерді қарастыруда алғашқы орынды АҚШ иеленді. 1984 жылы Америка музейлер ассоциациясы комиссиясының білім беру қызметін зерделеуде ұстанымдық мәні бар «Жаңа жүзжылдықтағы музей» атты баяндамасы жарық көрді.

Қазіргі заманғы музейді мәдени-әлеуметтік қызметі бұл жерде тұңғыш рет әлемдік әлеуметтік-экономикалық процестермен байланыста қарастырылды. Комиссия мүшелері музейдің әлеуметтік институт ретіндегі айрықша ролін халықтар арасындағы достықты нығайтуда және әлемдік мәдениеттің күн санап жойылып бара жатқан алуын түрлілігін сақтауда деп білді. Сонымен қатар, музейдің міндеті тұлғаның шығармашылық қырының көрініс табу тәсілдерінің алуан түрлілігін бекіту және жаһандық құбылыстар әсерімен күрделі өзгеріске ұшырап жатқан адамзат тәжірибесінің материалдық куәліктерінің сақталуында деп танылды. Баяндаманың негізгі

мазмұны қазіргі заманғы музей қызметіндегі ең маңыздысына айналуы тиіс болған оқу-ағарту жұмысының қанағаттандырғысыз жағдайына қатысты болды.

Жеткіншек ұрпақтың дамуындағы музейдің ерекше роліне баса мән бере отырып, және музейлік педагогиканы балалардың да, ересектердің де білім алуына қатысы бар ғылым ретінде түсіне отырып, осы баяндаманың авторлары мынадай бірқатар қорытынды жасады:

– оқу-ағарту қызметіне деген педагогтық, ғылыми және экспозициялық құрамдас бөліктерді біріктіретін кешенді тұрғы музейдің білім беру орталығы ретіндегі неғұрлым толық ашылуына ықпал етеді;

– музейдің білім беру орталығы ретінде табысты қызметінің бір шарты онда қолданылатын оқыту тәсілдерінің ұдайы және жүйелі зерттелуі болып табылады;

– музей мен мектептің серіктестігі, әсіресе, жаратылыстану және гуманитарлық-көркемдік циклдердегі пәндерді оқыту сапасын арттырудың өзектілігін есепке ала отырып, келешекте жүзеге асырылуы мүмкін потенциалға ие;

– музей мен мектептің серіктестігінің табыстылығы білім беру саласындағы мемлекеттік саясатқа тәуелді.

Музейдің әлеуметтік-мәдени институт ретіндегі жаңа концепциясын әзірлеу музейдің білім беру қызметінің маңыздылығын нақтылауға негізделуі тиіс. Сонымен қатар, зерттеушілер (П.Б. Уильямс және басқалар) музейдің білім беру саласындағы мынадай міндеттерін атап көрсетеді:

1. балалардың бойында табиғат құбылыстарын немесе материалды ортадағы заттарды бақылау негізінде дерек көзінен ақпарат ала білу қабілетін дамыту.

2. табиғатты және материалды орта заттарын бақылай және олармен қатынас жасау арқылы түсініктер аппаратын қалыптастыру.

3. өз бетінше оқу дағдыларын сіңірту.

4. оқу үдерісін ынталандыру, балалардың оқу үдерісінде «қуаныш тәжірибесін» иеленуі.

Елдегі музейлердің ортақ міндеттері – «физикалық әлемнің де, адамзат жетістіктерінің де заттары мен құбылыстарын жинап, көрсету, сондай-ақ өз жинақтарын адамзаттың білімі мен өзара түсіністігін арттыру үшін пайдалану» ретінде жариялай отырып, Америка музейлер ассоциациясы музейлік білім беру және табиғатпен өзара әрекеттесу жөнінде зерттеулер жүргізуге үндеді. Арнайы құрылған Комиссияның қызметінің нәтижесі музейлік білім беру мүмкіндігінің маңыздылығын нақтылау болды. АҚШ музейлерінде 1978 жылдан бастап «адамзаттың білімі мен өзара түсіністігін арттыру» философиясы негізінде әзірленген үш бөлімді білім беру үлгісі қабылданды.

Бұл үлгідегі бастапқысы да бастысы да – үш элементтен құралатын музейлік құрамдас бөлік болды. Олар:

1. Музей ескерткіші – музейді өзге білім беру мекемелерінен ерекшелеп тұратын басты білім беру құралы.

2. Музей – өзіне қоғам сеніп тапсырған мәдени мұраны сақтайтын, өңдейтін және оның жай-күйіне жауап беретін айрықша мекеме.

3. Пәнаралық және гуманистік тұрғыларға негізделетін білім беру қызметі. Егер оқушы түрлі оқыту пәндері мазмұндарының арасындағы өзара байланысты табуды үйренсе, оған өз білімдерін біртұтас жинастырып, өзі қатысатын оқиғаларды талдай білу оңайырақ болады.

Қарастырылып отырған үлгінің екінші құрамдас бөлігі – білім берудің өзі болып табылады. Әңгіме музей мен мектептің өзара әрекеттесуі аясында неғұрлым тиімді педагогтық идеялар мен технологиялардың музей ортасына кіріктірілуі және сол негізде білім беру бағдарламаларының әзірленуі туралы болып отыр.

Үшінші құрамдас бөлік білім беру үдерісінің негізгі міндеттеріне бағынатын және оның тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін білім саласын таңдау арқылы анықталады. Ондай білімнің иесі жаратылыстану музейінде оның ғылыми қызметкері болу мүмкін. Қарастырылған үлгі типологиялық болып табылады және мектеп практикасының құрамдас бөлігі болуы мүмкін музейлік білім беру бағдарламаларын жасауға бағытталған. Ондай бағдарламалар мұғалімдерге арналған курстардан, музейдегі сабақтардың әдістемелік әзірленімдерінен, оқушылар мен мұғалімдерге арналған ақпараттық материалдардан тұрады. Алайда, бұл бағдарламалардың нәтижелілігі музейдің кәсіптік ерекшелігіне байланысты. Міне, сондықтан да музей туралы жалпытеориялық пайымдаулар ағымында зерттеушілер негізгі міндеті «тұтастай қоғамның көркемдік мәдениетін дамыту» (Ф. Хаскел) деп білетін көркемөнер музейі туралы ойлар ерекше орынға ие.

Көркемөнер музейінің педагогтық қызметтерін гуманитарлық білімнің түрлі бағыттарының өкілдері (Н. Гудмен, А. Леви, Э. Эйсер) тарапынан талқылануы жаңа басталған ғарышты игеру жылдарындағы көркемдік білімнің міндеттеріне деген көзқарас тұрғыларын да салыстыруға мүмкіндік берді. Сол кезде технократтық тенденциялар қысымымен америка мектептеріндегі бейнелеу өнері өзінше құнды оқу пәні ретінде ықыстырылып, жаратылыстану музейлерінде ғарыш кезеңінің басталғанын көрсететін жаңа көрмелер белсенді түрде жасала бастап еді. Бұл жағдайды 1947 жылы негізі қаланған, көркемдік білім мектептегі білім берудің бір бөлігі болуы үшін жанталасқан АҚШ Көркемдік білім беру ұлттық ассоциациясы біраз тежеуге ұмтылған еді. Оның бастамасымен 1978 жылы мектептерге суретшілерді жұмысқа тарта бастады, өйткені АҚШ-та көркемдік білім беру деп бастауыш және орта мектепте өнерді оқытуды түсінеді, ал педагогтардың арнайы, тіпті жай ғана жақсы жалпы даярлығы жоқ.

Алайда бұл саладағы келеңсіздіктердің басты себебі оқыту уақыты мен ұстаздардың біліктілігі жетіспеуі болып қала берді. 1984 жылы П. Геттидің көркемдік білім берудің жай-күйін анықтау мақсатымен АҚШ-тың 20 ірі музейіне жүргізген зерттеулері бұл фактіні растап, үш негізгі қорытынды жасауға мүмкіндік берді:

1. Көркемдік білім мен тәрбиенің мазмұны өнер мен этика тарихын меңгерумен қатар шығармашылық қабілет пен көркемдік машықтарды дамытудың маңыздылығын есепке ала отырып өзгертілуі тиіс

2. Көркемдік білім мен тәрбиеге деген жаңа көзқарас тұрғысы ғылыми-негізделген концепцияға негізделіп, оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз етілуі тиіс.

3. Көркемдік білім беру мен тәрбиедегі өзгерістердің басты шарты оларды жақтаушылардың саны жеткілікті болуы, сондай-ақ моральдық және қаржылық қолдау көрсетуі болып табылады.

Тұлғаның эстетикалық тұрғыдан дамуы мен көркемдік білім беру мәселелеріне деген жаңа көзқарас тұрғысы музейдің құндылықтық маңыздылығының алғышарты болып табылады. «Аксиологиялық әртектілігі және екпінділігімен ерекшеленетін қазіргі өмір контекстінде өнер музейлері және өнер жөніндегі музейлер өзіндік құндылықтық бағдар ретінде көрінеді. Олар тұлғаның көркемдік мәдениетін қалыптастырудың тиімді механизмдерінің бірі болып табылады».

Америка музейлерінің білім беру қызметінің теориялық және практикалық тәжірибесін зерделеу музейлер мен мектептің өзара қатынасын мемлекеттік саясат деңгейінде қайта құру жалауымен жүргізілгенін атап өткен абзал. Елдің білім беру жүйесін орталыққа бағындырмау жағдайында бұл ХХ ғасырдың басында-ақ серіктестік қатынастар орнап, онда музейге жетекші роль берілгеніне қарамастан, қиын міндет болып шықты. Алайда, бұл жағдай, гуманитарлық пәндерді, әсіресе өнерді оқытудағы елеулі келеңсіздіктерді жоймады.

1987 ж. АҚШ президенті мен конгресіне көркем білім беру және гуманитарлық ғылымдарды оқытудың жай-күйі туралы арнайы есептеме ұсынылған болатын. Онда ұлттық мектеп білімі мен көркемөнер музейлерінің қызметіне жасалған зерттеудердің бейнелеу өнерінің математика, физика, әдебиет мен өзге де пәндерді оқытудың маңыздылығы дәлелденген деректері қорытындыланып, соның негізінде оқытудың мектептегі нысандарын музей нысандарымен толықтыру қажет деген қорытынды жасалды. Мемлекеттің басым міндеті болып табылатын білім берудегі музей мен мектептің өзара әрекеттесуінің маңыздылығы баса мән бере отырып, арнайы құрылған сараптау комиссиясы олардың арасында недәуір тығыз байланыс орнатуды ұсынды.

Комиссияның қорытындылары музейдің білім беру қызметінің бейіндік мәселелері – визуалды ойлау мен көркем қабылдауды зерделеудің қажеттілігін де көрсетті. Бұл бағыттағы жұмыстар 1930 жылдары басталған болатын, алайда оның нәтижелері неғұрлым кейінірек кезеңге жатады. Р.Арнхейм, Р.Гибсон, Г.Гарднер және басқа да ғалымдардың зерттеулері музейлерді көркемдік білімнің мазмұнын жанартуға, мектептер көркемдік пәндерді оқыту тәжірибесінде бағыт алатын визуалды сауаттылықты, көркемдік дағдыларды дамытуға итермеледі.

Алайда ол үрдіс күрделі әдістемелік және әдіснамалық базаны қажет ететін, ал мектеппен байланысын негізінен волонтерлар (музей еріктілері)

жүргізетін шағын экскурсиялар мен лекциялар циклі негізінде жүзеге асыратын америка музейлерінде ол жоқ еді.

Осылайша, жоғарыда аталған Комиссияның пікірінше, музейлердің міндеті – тұлғаның көркемдік мәдениетінің қалыптасуына қызмет ету. Ф. Заскел атап өткендей, «өнердің ар-ұждандық мазмұны әсіресе, діни сана, діни құндылықтардың сөнуі алдыңғы қатарға өнерде неғұрлым толық көрініс тапқан гуманистік құндылықтарды шығарып отырған қазіргі заманғы қоғам үшін әсіресе мәнді, және ол шынымен-ақ қоғамдағы гуманистік сезімдерді тәрбиелеудің қуатты құралына айналып отыр».

Көркемөнер музейінің білім беру қызметінің тұлғаға тигізетін әсері үш бағытта жүзеге асырылады:

- танымдық бастаманы күшейту;
- эстетикалық қабылдауды қалыптастыру;
- жалпы және гуманитарлық мәдениетті дамыту.

Бұл қызмет екі жетекші принципке негізделеді – эстетикалық ләззат алу және өнер тарихын тану. Өнер туындысын көруден алынған ләззат сөзсіз танудың бір түрі болып табылатын тұлғаның эстетикалық тәжірибесі қалыптасуын қамтамасыз етеді. Зерттеушілер (Г.Осборн және басқалары) ондай тәжірибенің қалыптасуын музейлердің білім-беру-ағартушылық қызметінің ең маңызды міндеті ретінде тануы кездейсоқтық емес.

Екінші жағынан, тұлғаның адам мен дүние туралы түсінігін кеңейтуге, оның дүниетанымын қалыптастыруға өнер туындыларының тигізетін әсерінің мәнін қарастыра отырып, америка философы Н.Гудмен қабылдау үдерісінің зияткерлік маңыздылығына баса мән береді. Сана мен сезім субъектінің танымдық белсенділігінің өзара байланысты және өзара шарттасатын көріністері болғандықтан және дүние туралы білімнің екі саласын қалыптастыратындықтан, ғалымның айтуынша, өнер мен ғылымның арасындағы шекара қатаң емес. Оның үстіне, ол көрерменді үздіксіз таным үдерісіне кіргізе отырып, өнер біздің өмірлік тәжірибемізді байытады, демек, музей әрбір жеке тұлғаның сол тәжірибесі мен дағдыларының дамуына ықпал етуі тиіс деп есептейді. Сол арқылы музейдің білім беру қызметіндегі эстетикалық және танымдық элементтердің өзара байланысты үйлесімі бар екендігін баса атап өтеді. Бірақ, бұл қызметтің сол элементтерінің қатынасы білім беру үдерісінің нақты ұйымдастырушылары мен қатысушыларының ұстаным тұрғысына тәуелді.

Көркемөнер музейіне келер болсақ, оның әлеуметтік институт ретіндегі міндеттерін америка және еуропа ғалымдары негізінен оның эстетикалық қызметімен байланысты қарастырады, ал оған деген формальды білім көзі ретіндегі көзқарас тұрғысы қазіргі таңда қатал сынға ұшырап жатыр. Мысалы, 1973 жылы жазылған «Өзгермелі әлемдегі өзгермелі музей» атты мақаласында Р.Маркузе ол жөнінде былай деп жазған: «музейлердің мақсаты, жылдар мен өткен оқиғалардын себеп салдары мен аттарын есте сақтаудан ғана тұрмайды; музейлерға бағытталған экскурсиялар ойдың дамуы мен қабылдау жолдарын және бүтіндей бір замандағы мәдениет пен өнердің келесі дәуірден айырмашылықтарының түсіну жолындағы түйсіктерінің қыр сырын

болжайды, сондай ақ, алдыңғы дәуірде өмір сүрген суретшінің одан кейінгі дәуір суретшісінің дара стилі мен сурет салуларындағы ерекшеліктерін, сондай ақ екі дәуірдің елдегі сол заманға тән ерекшеліктері мен айырмашылықтарын айқындайды. Оқытудың мұндай қадамы, негізінен келушілердің көру қабілеттерінің дамуы мен қатар музейдің білім жүйесінің бірегей үйлесімін дамытады және интеллектуалдық ойдың дамуы кез-келген жас деңгей ерекшеліктеріне қарамастан білім алуға таптырмайтын үлес болады».